

Мемлекеттік орман қорының аумағында орман орналастыруды жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 45 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/163 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік орман қорының аумағында орман орналастыруды жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 6

қ а ң т а р д а ғ ы

N

4 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мемлекеттік орман қорының аумағында орман орналастыруды жүргізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Орман орналастыруды жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) мемлекеттік орман қоры аумағында орман орналастыруды жүргізу тәртібін регламенттейді.

2. Орман ресурстарын есепке алумен, орман қорын аумақтық орналастырумен, оның ішінде мемлекеттік орман қорының шекараларын белгілеумен, ормандарды мемлекеттік мониторингілеумен, орман шаруашылығын жүргізуді жоспарлаумен және орман пайдаланумен байланысты орман орналастыру мемлекеттік монополияға жатады және оны мемлекеттік орман орналастыру ұйымы жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.04 № 1536 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Мемлекеттік орман иеліктері үшін әзірленетін орман орналастыру жобалары орман шаруашылығын жүргізудің және өткен ревизиялық кезеңде мемлекеттік орман қорын пайдаланудың кешенді бағасын, алдағы ревизиялық кезеңде жоспарланып отырған орман шаруашылығы іс-шаралары мен орман шаруашылығын ұйымдастыру мен жүргізудің негізгі ережелерін қамтиды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Орман орналастыруды жүргізу шарттары мен тәртібі

4. Мемлекеттік орман қоры аумағында орман орналастыру орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) белгілеген тәртіппен бірыңғай жүйе бойынша орындалады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.04 № 1536 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5. Мемлекеттік орман қорында орман орналастыру жыл сайын белгіленген тексеру кезеңінің ұзақтығын ескере отырып, мемлекеттік орман иеленушілердің орман орналастыру жобаларының уақтылы жаңартылып тұруын қамтамасыз ететін көлемде жүргізіледі.

6. Орман орналастыру кезінде Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 55-бабында көзделген орман орналастыру іс-әрекеттері, сондай-ақ мынадай шаралар :

1) табиғи-климаттық, орман өсімдіктері мен орман экономикалық шарттардың ерекшеліктерін қорытындылайтын, орман шаруашылығын жүргізу қағидаттарын, орман бағалаудың нормативтік-анықтамалық материалдарын

іріктеп алып, орман шаруашылығы іс-шараларын жобалау ерекшеліктерін негіздейтін құжат - облыс (өңір), Астана қаласы және республикалық маңызы бар қалалар бойынша орман шаруашылығын жүргізудің негізгі ережелерін әзірлеу;

Көрсетілген құжат дайындық жұмыстары жүргізілетін жылы әзірленеді және уәкілетті орган бекіткеннен кейін тиісті облыс (өңір), Астана қаласы немесе республикалық маңызы бар қалалар аумағында орман орналастыруды жүргізу және орман орналастыру жобаларын әзірлеу кезінде нормативтік кесім болып т а б ы л а д ы ;

2) облыс (өңір), Астана қаласы және республикалық маңызы бар қалалар бойынша орман орналастырудың жиынтық материалдарын құрастыру, орман қорының тиісті тақырыптық карталарын дайындау, орман мониторингінің а қ п а р а т т ы қ б а з а с ы н құру ;

3) дистанциялық зондтау материалдарын, компьютерлік технологияларды пайдалану, геоақпараттық жүйелерді енгізу негізінде орман ресурстарын есепке алудың жаңа технологиялары мен әдістерін әзірлеу;

4) мемлекеттік орман иелену аумағындағы дәрі-дәрмектік және техникалық ш и к і з а т р е с у р с т а р ы н а ы қ т а у ;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қағидаларға сәйкес мемлекеттік орман кадастрын, орман қорының мемлекеттік есебін және ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізу;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Мемлекеттік орман иеленушінің орман өрт сөндіру станциясы туралы ережеге сәйкес орманда өрт сөндіру станцияларын орналастыру және олардың түрі бойынша ұсыныстар ә з і р л е у ;

7) таксациялық сипаттамаларға ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген телімдерде орман ресурстарын беру туралы белгілер қою және осы телімдердің шекарасын картографиялық материалдарға түсіру;

8) уәкілетті орган ведомствосының орман орналастыру жобасының құрамында бекітуі үшін орманшылықтар мен (немесе) мемлекеттік орман иеленуші бойынша есептік кеспеағашты айқындау.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

7. Орман орналастыруға тиіс объектіде орман орналастыру жұмыстары үш жыл бойы жүргізіледі және мынадай үш кезеңнен тұрады:

1) әзірлік кезеңі (1-жыл) - жұмыстар далалық орман орналастыру жұмыстарының алдындағы жылы жүргізіледі, бұл ретте ұйымдық-техникалық сипаттағы мәселелер шешіледі және орман орналастырылуы тиіс аумақтардың аэрофотосуретке түсірілуі жүргізіледі;

2) далалық кезең (2-жыл) - орман орналастырудың жердегі және дистанциялық әдістері қолданылып, орман орналастыру объектісінде мемлекеттік орман қорын түгендеу жүргізіледі;

3) камеральдық кезең (3-жыл) - далалық кезеңде алынған ақпаратты камеральдық өңдеу жүргізіледі, уәкілетті орган бекіткен нысан мен құрылым бойынша орман орналастыру жобасы әзірленеді.

8. Орман орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде аэрофотосуретке түсіру және ғарыштық түсірілім материалдары техникалық негіз болып табылады.

Далалық орман орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде пайдаланылатын аэрофотосуреттер мен ғарыштық түсірілім деректерінің мерзімі 3 жылдан

а с п а у ғ а

т и і с .

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Қ а у л ы с ы м е н .

9. Орман орналастыру жобасы әзірленетін тексеру кезеңінің ұзақтығы орман шаруашылығын жүргізудің қарқындылығына, сондай-ақ мемлекеттік орман иеленушілеріне жүктелген міндеттерге байланысты және оны уәкілетті орган орман орналастырудың бірыңғай жүйесінің құрамында белгіленеді.

10. Мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен мемлекеттік орман иеліктерінің орман орналастыру жобалары оларды уәкілетті орган бекіткеннен кейін орман шаруашылығын жүргізу оның ағымдағы және перспективалы жоспарлануы үшін міндетті нормативтік кесімдер болып табылады.

Орман орналастыру жобалары орман орналастыру жұмыстары аяқталған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізіледі.

Орман орналастыруды жүргізбейінше және орман орналастыру құжаттамасы болмайынша мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға тыйым салынады.

11. Тексеру кезеңі аяқталған және орман орналастырудың жаңа жобасы күшіне енген жағдайда мемлекеттік орман иелігінің аумағында:

1) өртке қарсы іс-шаралар тексеру кезеңінің соңғы жылына белгіленген көлемде орындалады ;

2) орманды санитарлық мақсатта кесуді қоса алғанда орман қорғау шаралары мемлекеттік орман иеленушілер немесе осы салада мамандандырылатын ұйымдар жүргізетін орман-патологиялық зерттеулердің материалдары бойынша айқындалатын көлемде ормандардың санитарлық жай-күйіне байланысты орындалады ;

3) ормандарды молықтыру және орман өсіру жөніндегі іс-шаралар тексеру кезеңінің соңғы жылына, ең алдымен ағаш кесілімдері мен өртендерге белгіленген көлемде орман дақылдары қорының бар-жоғына байланысты

о р ы н д а л а д ы ;

4) орманды күтіп-баптау мақсатында кесу оны тексеру кезеңінің соңғы жылына белгіленген көлемде жүргізуді қажет ететін, екпелердің арасынан өспей қалған немесе ағаштардың басты тұқымдарының өсуіне кедергі келтіретін ағаштарды екпелерден аластатуды талап ететін екпелердің бар-жоғына б а й л а н ы с т ы о р ы н д а л а д ы ;

5) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу уәкілетті орган бекіткен сүректі түбірімен босатудың жыл сайынғы мөлшерінде есепті кеспеағашта орман орналастыру жобасы белгілеген шекте жүргізіледі, бұл ретте жыл ішінде есепті кеспеағашқа Қазақстан Республикасының орман заңнамасы белгілеген тәртіппен т ү з е т у ж ү р г і з і л е д і ;

6) осы Ереженің 11-тармағының 2), 4), 5) тармақшаларында көрсетілмеген орман пайдаланудың қалған түрлері орман орналастыру жобасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге а с ы р ы л у ы м ү м к і н .

12. Мемлекеттік орман иеленушілер мемлекеттік орман қоры аумағында орман орналастыруды жүргізу жөніндегі жұмыстарға қатысады.

Ескерту. Ереже 12-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.